

2012 жылы егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін және субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 117 қаулысы. Қостанай облысы Қарасу ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 14 мамырда № 9-13-150 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 қарашадағы № 345 қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2012.11.02 № 345 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 10-тармағына сәйкес, ғылыми ұйымның қорытындысы негізінде жылдың қалыптасқан ауа райы-климаттық жағдайын ескере отырып Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша 2012 жылы Қарасу ауданының аумағында егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының мынадай оңтайлы мерзімдері белгіленсін:

- 1) дәнді дақылдар 15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін;
- 2) майлы дақылдар 18 мамырдан бастап 30 мамырға дейін;
- 3) жемшөптік дақылдар (өткен жылдардағы көпжылдық шөптерден басқа) 30 сәуірден бастап 15 шілдеге дейін;
- 4) сүрлемдік жүгері 15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін;
- 5) картоп 10 мамырдан бастап 31 мамырға дейін;
- 6) көкөніс дақылдар 25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін.

2. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдері 2012 жылғы 20 мамырдан бастап 5 маусымға дейін деп белгіленсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

А. Сейфуллин

"Қарасу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік
және ауыл шаруашылығы бөлімі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы

_____ Е. Балжақиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК